

**Науырзым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 117 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі № 202 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қыркүйекте № 9-16-96 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңның 31-бабының 8-тармағына сәйкес және кадрлық өзгерістерге байланысты Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 117 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-16-93 тіркелген, 2009 жылғы 2 маусымдағы "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аудандық шақыру комиссиясының құрамына "Науырзым ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы – Елжан Ержасланұлы Смағұлов комиссия төрағасы (келісім бойынша), "Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының фельдшері Алтын Ермекбайқызы Спанова комиссия хатшысы болып енгізілсін (келісім бойынша);

жоғарыда көрсетілген комиссияның құрамынан Калмұқан Сейілханұлы Сыздықов, Светлана Александровна Ковальчук шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х. С. Қуатқановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

Т. Ташмағамбетов

"Қостанай облысы Науырзым ауданының Қорғаныс істері"

жөніндегі бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
----- Е. Смағұлов

2009.09.22

"Қазақстан Республикасы  
ішкі істер министрлігі  
Қостанай облысының ішкі істер  
Департаменті Науырзым ауданының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
----- О. Жанатов

2009.09.22

Қостанай облысы әкімдігінің  
Қостанай облысы денсаулық сақтау  
басқармасының "Науырзым аудандық  
орталық ауруханасы" мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
б а с д ә р і г е р і  
----- С. Исмағұлова

2009.09.22